

ИНДЕР АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСІ

Индербор кенті

№ 13/1

09.12.2024 ЖЫЛ

Аудан бойынша пошта тасымалының жәй-күйі туралы

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2 қарашадағы № 383-V «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңына сәйкес, Индер аудандық қоғамдық кеңесінің мүшелері күн тәртібіндегі мәселені талқылай келе, **ҚАРАР ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Аудан бойынша пошта тасымалының жәй-күйі туралы Индер аудандық пошта торабының бастығы Н.Т.Габбасованың хабарламасы мақұлдансын.

2. Индер аудандық пошта торабының бастығы Н.Т.Габбасоваға:

Индербор кенті бойынша газет-журналды тұрғындарға уақытша таратуды ұйымдастырудың шараларын алып, жүзеге асыру ұсынылсын.

3. Аудандық қоғамдық кеңестің мүшесі С.Халықовқа:

Аудандық Қоғамдық кеңестің атынан аталған мәселенің шешілуіне ықпал ету мақсатында Қазпошта облыстық мекемесі басшылығына және ауданнан сайланған облыстық мәслихат депутаттарының атына хат жолдау ұсынылсын.

4. Осы қарарда берілген ұсынымдардың орындалуына бақылау жасау және есептік мерзімге дейін кеңес хатшылығына ақпарат жолдау ұсынылсын.

Аудандық Қоғамдық
кеңестің төрағасы



А.Балахметов